

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ  
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Зейін ерекшеліктері

Зейін деп — адам санасының белгілі бір затқа бағыттала тұрақталуын көрсететін құбылысты айтады. Дәлірек айтқанда, зейін дегеніміз айналадағы объектілердің ішінен керектісін бөліп алып, соған психикалық әрекетімізді тұрақтата алу.



Мысал келтірейік. Оқушы математикалық есептер шығарып отыр. Ол бұған соншама үңілген, мұнысы психикалық кейпінен жақсы көрінеді (бала көзін қадайды, шұқшия үңіледі, демін ішіне тартады т. б.). Оқушы есептің шығару жоспарын ойлайды, оның бірінен кейін екіншісін шығарады. Есеп шығарып болып, азғантай үзілістен кейін тарихты, одан соң географияны оқуға көшеді. Сабағын оқып болғаннан кейін, түрлі нәрселермен айналысады. Осы көріністердің бәрінде де бала әрекеттің әрбір түріне өз зейінін ұйымдастырып, басқа объектілерден ойын бөліп отырады.




Орыс педагогикасының атасы К.Д.Ушинский зейіннің маңызын былайша көрсеткен еді: «Зейін адам санасынан қорытылып өтетін барлық ойды аңғартатын, адам жанының жалғыз ғана есігі болып табылады, демек, бұл есікке ілімнің бірде-бір сөзі соқпай өте алмайды, егер де ол соқпай өтсе, онда баланың санасында ештеңе де қалмайды».

Зейіннің физиологиялық негізін, академик А.А.Ухтомский доминанта теориясы бойынша да жақсы түсінуге болады. Сыртқы дүниенің көптеген тітіркендіргіштердің ішінде біреуі миға көбірек әсер етуде де, мидың бір алабын қаттырақ, күштірек қоздырады, осындай алапты доминантта деп атаған. Мидың осы күшті қозғыш алабы қалған алаптардағы әлсіз қозу процестерін өзіне тартып алып отырады. Осыдан мидың күшті қозған алабы одан бетер күшейеді.



## *Зейіннің түрлері :*



ЫРЫҚТЫ

ЫРЫҚСЫЗ

үйреншікті

## Ырықсыз зейін

Сыртқы дүниенің кез келген объектілері кейде ырықсыз-ақ біздің назарымызды өзіне тартады. Мәселен, көшемен кетіп бара жатқан адамның бояулы афишаға көзі түссе, оған мойнын бұрады не милиционердің ысқырығына жалт қарайды т.б. Адам өмірінде ырықсыз зейін елеулі орын алады. Зейіннің бұл түрі әсіресе жас балаларда жиі кездеседі. Өйткені барлық дәуірде адамның күрделі іс-әрекетке (оқу, еңбек т.б.) белгілі жүйеге келе қоймайды да осының нәтижесінде оның психикасы өте нәзік, түрлі сыртқы әсерге берілгіш келеді.



## Ырықты зейін.

Ырықты зейін ырықсызға ырықсыз зейін ырықтыға қарай жиі алмасады. Шындығында адам үнемі ырықты зейін жағдайында болуы мүмкінде емес. Оқушы алғашқыда жай қызыққан нәрсесіне тікелей зейін аударады, ал содан кейін сабақтың мақсатына қарай тікелей қызық емес басқа материалдарға да аз зейін қояды. Алғашқы уақытта қызықсыз болып көрінген сабақ кейін балаға түсінікті бола бастайды. Бұл кезде оның ырықсыз зейіні сыртқа теуіп, ырықты зейін пайда болады



## Үйреншікті зейін.

Үйреншікті зейін- адамға табиғи сіңісіп кеткен, арнайы күш жұмсамай-ақ орындалатын зейін. Мәселен бала оқуға төселсе бұл оның тұрақты әдетіне айналса оның зейіні де үйреншікті бола бастайды. Қандай нәрсе болсада үйреніп жаттығып алған соң адам іс-әрекет дағдысына айналады



# Зейіннің негізгі қасиеттері:

- 1.Зейін тұрақтылығы және жинақтылығы.
- 2.Зейіннің аударылуы

3.Зейіннің бөлінушілігі

4.Зейіннің көлемі

5.Алаң болушылық

# Зейіннің тұрақтылығы

Адамның зейіні бір объектіге немесе бір жұмысқа ұзағырақ тұрақтай алса оны зейіннің тұрақтылығы дейді. Зейіннің осы қасиеті оқу процесінде маңызы зор. сабақ үстінде баланың назарын көп нәрсеге аудармай, басты бір нәрсеге не белгілі бір әрекетке ғана аударып оған тұрақтатып әдеттендіру керек. Сонда ғана бала есейген кезде зейінін тиісті объектіге жинақтай алады.

## Зейіннің аударылуы.

Зейіннің аударылуы деп бір объектіден екінші объектіге назарымыз көшуін айтады. Зейінді тез аудару білу қабілеті көбінесе нерв процестерінің өзгермелігіне байланысты. Кейбір адамдар бір жұмыс түрінен екінші жұмысқа оңай көшеді, зейін қойып жаңа жұмысты тез меңгеріп кетеді.



## Зейіннің көлемі.

Зейіннің көлемі деп бір уақыттың ішінде оның қамтитын объектілерінің санын айтады. Зейін көлемін анықтауға байланысты жасалған тәжірибелер адам бір мезгілде орта есеппен әр түлі 3-5 әріпті қамти алады. Зейіннің көлемін өлшейтін құрал тахистоскоп деп аталады



## Алаң болушылық.

зейінді ұйымдастыра алмаушылықты айтады.әр нәрсеге ауып кете беретін жаңғалақ адамдардың зейіні көбінесе осындай болады.

